Бекітемін:
Байарел

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Тәрбие сағаты** | |
| **Күні** | 18.11.24 |
| **Сынып жетекші:** | Бисембаева А |
| **Сынып:** 8 „Э" | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **«Буллингтен қорған!» / «Қауіпсіздіктің жаңа ғасырына (экология мен көлік» ЖЖЕ№3**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 11-САБАҚ**<br>*8- сыныптар:* «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары |
| **Сабақтың мақсаты:** | Оқушыларға буллинг, зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. |
| **Қауіпсіздік мақсаты :** | Сабақтың мақсаты:төтенше жағдай кезінде және қажет болған жағдайда жедел<br>қызмет нөмірлері мен сенім телефондарын қалай дұрыс пайдалану керектігін үйрету. |
| **Қауіпсіздік міндеті** | Негізгі міндеттер:<br>- оқушылардың қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіне кіретін қызметтер және<br>шұғыл қызметтердің телефон нөмірлері туралы түсініктерін бекіту;<br>- қоңырау шалу кезінде ақпаратты бекіту және туындаған қауіпті жағдай туралы<br>шұғыл қызметтерге телефон арқылы қажетті көмек туралы ақпаратты дұрыс және<br>нақты ұсынуға үйрету. |
| **Дәйексөз** | 3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі |
| **Құндылық** | ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**<br>**Құзыреттілік: тимді коммуникация** |
| Сабақтың барысы | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (7 мин) | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Психологиялық ахуал<br>- Топқа бөлу<br>Ой қозғау<br>- Оқушылар буллинг дегеніміз не екенін білеміз.<br>- Бүгін буллингті түрлерінің біріне тоқталамыз.<br>- Қандай түрлері бар деп ойлайсыңдар? Буллингке тап болған оқушының жағдайы қандай болады деп ойлайсыңдар өз ойларыңды | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуал**<br><br>Оқушылардың пікірі тыңда | Компьютер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | айтсандар. | | |
| ...ақ басы ...мин) | ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ<br>№ 1 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТНӨМІРЛЕРІЖӘНЕ СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ»<br>Сабақтың барысы<br>1. Кіріспе (2 минутқа дейін)<br>Қауіпсіздік қызметтерін шақыру ережелері<br>- Өрт сөндіру құтқару қызметіне қоңырау шалу үшін телефон нөмірін ғана емес,<br>тағы не білу керек?<br>- Үйдің толық мекенжайы (қала, көше, үй, пәтер) және жағдай.<br>2. Негізгі бөлім (7 минутқа дейін)<br>Қаланың қауіпсіздік қызметінің диспетчері сіздің қоңырауыңыздың себебін тез<br>түсініп, соған сүйене отырып әрекет етуі үшін сізге төнген қауіпті жағдай туралы телефон арқылы дұрыс және анық хабарлай білуіңіз керек. Қауіпті жағдай туралы<br>телефон арқылы хабарлаудың жалпы ережелері:<br>Егер сіз телефон арқылы көмек сұрасаңыз, қысқаша хабарлаңыз:<br>- қоңыраудың себебі;<br>- аты-жөні;<br>- телефон нөмірі және мекенжайы;<br>- сөйлесудің соңына дейін тұтқаны қоймаңыз.<br>Қолданыстағы жедел қызмет нөмірлері мен сенім телефондарын қайталау, қажет болған жағдайда қайда және неге қоңырау шаламыз (презентацияда).<br>Қоңырау кезінде не хабарлаймыз, сөйлесуді қалай және қашан аяқтаймыз?<br>Жалған қоңыраулар қандай?<br>Рольдік ойын<br>Оқушыларды жұптарға бөліп, «Қате қоңыраулар» ұғымын және олардан қалай<br>аулақ болу керектігін талқылаңыз.<br>Сондай-ақ, төтенше жағдайлар қызметі мен қоғамға<br>жалған қоңыраулардың салдары туралы қысқаша талқылауды ұсыныңыз. | Өрт күзеті 101<br>Полиция 102<br>Жедел жәрдем 103<br>Төтенше газ қызметі 104,112<br>Бірыңғай құтқару қызметі 112<br>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне<br>және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.<br>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста111<br>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды<br>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста. | суреттер<br><br>Пайдалы сілтеме: https://drive.google.com/file/d/1f-XnfFNgrplQsC-G4-xKAt5m89kWbz85/view<br><br>https://youtu.be/HBgZoMfOcIE?si=EZJu9AvOvXc6UNRO |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 3. Қорытынды (2 минутқа дейін)<br>Сабақты қорытындылау<br>Тыңдалған тақырып бойынша есептерді шешу. «Әзіл-қалжыңға» және жедел жәрдем<br>менеджеріне қоңырау шалуға деген ұмтылыс көптеген адамдарда болуы мүмкін, бірақ<br>мұны жасамас бұрын, мұндай «ләззат» пен көңілділік бірнеше сағатқа созылатынын<br>және олар үшін бірнеше жыл төлеуге тура келетінін есте ұстаған жөн. Алайда жалған<br>қоңыраудың бағасы тек ақшалай баламамен өлшенбейтінін ұмытпаңыз. Бұл, ең<br>алдымен, адамдардың өмірі мен әл-ауқаты! Және бұл әрқайсымызға әсер етуі мүмкін.<br>Дегенмен өрттің немесе басқа оқиғаның нақты қаупі болған кезде, әрқашан қажетті<br>шұғыл қызмет нөмірін немесе 112 бірыңғай құтқару телефонын теріңіз, сонда көмек<br>міндетті түрде келеді!<br>Алгоритмді тарату. | | |
| Ортасы (20 мин) | Буллингтің <u>негізгі төрт түрі</u> бар.<br>Олар:<br>✓ сөзбен қорқыту,<br>✓ күшпен қорқыту<br>✓ реляцион түр<br>✓ кибернетикалық буллинг.<br>**Сөз арқылы**<br>Сөз формасындағы буллингте адам ауызша айқаймен, дауыс көтеру арқылы және күліп, кекетіп-мұқату арқылы зорлық көрсетеді. Құрбанды қорлап, оның намысына тию, сыртынан ол туралы өтірік айту, өсек тарату, дөрекі сөйлеу, жәбірлеу сөз түріндег Баланың қандай да бір қ Баланың қандай да бір қысымға ұшырағандағы белгілердің тізімі:<br>Мектепке барудан қорқады, мектеп көлігін пайдаланудан бас тартады;<br>✓ оқу үлгерімі төмендейді;<br>✓ алаңдаушылықты сезінеді немесе өз- | Оқушылар тыңдайды<br><br>Әр топ өздері буллингтің сөзбен қорқыту түріне көрініс дайындайды. |   |

| | | |
|---|---|---|
| өзіне күмән келтіреді, ашуланшақ болады;<br>✓ сөйлесуден аулақ болады, басқа балаларға деген агрессияны көсетеді;<br>✓ қорқытады немесе өзің-өзі өлтіруге тырысады, үйден қашады;<br>✓ түнде жылайды немесе таңертең өзін жақсы сезінбейді;<br>✓ заттар бүлінеді, денеде түсініксіз жарақаттар пайда болады;<br>✓ ақшаны «жоғалтады» немесе ұрлайды немесе әдеттегіден көбірек сұрайды;<br>✓ интернетті немесе ұялы телефонды пайдаланудан қорқады, гаджеттерді жасырады;<br>✓ жоғарыда айтылған жайттардың кез келген үшін сылтау ойлап табады. ысымға ұшырағандағы белгілердің тізімі:<br>Мен сендерді көлік құралдарының тоқтау жолымен таныстырамын. Өздерің жол-көлік оқиғаларына тап болмас үшін зейін қоя қарап, тыңдай отырып, жаңа мағлұматтарды естеріңе сақтай отырыңдар.<br><br>Интербелсенді тақтада көлік құралдарының тоқтау жолы туралы мәлімет.<br><br>Автокөліктің жұмыс істеп тұрған қозғалтқышы біз тыныстайтын ауаның химиялық құрамына, ғаламшардағы климаттың өзгеруіне жаһандық деңгейде кері әсерін тигізеді. Бұл әсерді қалай төмендетуге болады? – деген сұрақ бүгінде аса маңызды.<br><br>Қоршаған ортаға тиетін осындай әсерді төмендету – Тойотаның көп жылдар бойы қызмет етуінің басым бағыттарының бірі. Компанияның экологиялық саясаты болашақта жаһандық экономикалық ойлаудың негізі болатын тұрақты даму концепциясының бір бөлігі болып табылады. Жүз пайыз кәдеге жаратылатын, қоршаған орта үшін қауіпсіз автокөліктерді жасау – Тойота үшін жақын жылдардағы басымдыққа ие міндет. | <br><br><br>**Оқушылар лекцияны тыңдайды.** | |

<table>
<tr><td></td><td>-Автокөліктің қоршаған ортаға жағымды әсері қандай?<br>-Автокөліктің қоршаған ортаға жағымсыз әсер қандай?</td><td>-Оқушылар сұраққа жауап береді</td><td></td></tr>
<tr><td>Соңы</td><td><table><tr><td>Қандай ой пайда болды?</td><td>Не сезіндім?</td><td>Не ұнады?</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Рефлексия жасайды. Сабақтан кейін қандай әсер алғанын, не сезінгенін, не ұнағанын айтып, алған әсерімен бөліседі</td><td>презентация</td></tr>
</table>

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№24 мектеп-лицейі» КММ-сі

# СЫНЫП САҒАТЫ

**Тақырыбы: «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» № 12 «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны)**

**Сыныбы: 8 «Ә»**

**Сынып жетекшісі: А.Ж.Бисембаева**

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін!
Багит

**Сабақтың тақырыбы: «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**

| | | |
|---|---|---|
| Құндылық: | Бірлік және ынтымақ | |
| Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда) | А.Ж.Бисембаева | |
| Күні: | 25.11 | |
| Сынып:8 ә | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы Эпиграфтар (Тақырып мазмұнын ашатын) | **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 12-САБАҚ**<br>«Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны) | |
| Сабақтың мақсаты | Суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | |
| Қауіпсіздік мақсаты | Саяхат кезіндегі төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге және пайдалы әдеттерді дамытуға үйрету. | |
| Құндылықтарды дарыту | Әділдік, жауапкершілік, қоғамға қызмет. | |
| Апта дәйексөзі | Әділетте берік болсаң аяғың таймайды! | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту /7мин/ | Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал Әртүрлі қима-қағаздар арқылы топқа бөлінеміз.<br>Ой қозғау<br>-Біз үнемдеу туралы білеміз бе?<br>-Энергияны қалай үнемдейміз?<br>-Суды қалай үнемдейміз? - Тамақты қалай үнемдейміз? - Ақшаны қалай үнемдейміз? | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түген деледі. Психологиялық ахуал Оқушылар дың пікірі тыңда | ***Ауызша мадақтау***<br>*Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* | |
| Жаңа сабақ /25мин/ | Суды үнемде. Су ағынын бақылау. Су ыдыстарын тексеру. Крандар мен су ыдыстарында ағып ктулерді тексеріңіз. Ағып жатқан кранды жөндетіңіз. Жуыну немесе көкөністерді жуғаннан кейін қалған суды гүлге құйыңыз. Тамақты үнемдеу. Артық тамақты тоңазтқышқа немесе мұздатқышқа сақтаңыз. Қалдықтарды пайдалануға тырысыңыз мысалы көкөніс | 1-топ «Мен қалай үнемдеймін?» өз пікірлерін жазу.<br>2-топ«Мен қалай үнемдеймін?» сурет салу.<br>Топтар өз пікірлерін ортада қорғап, салған суреттерін көрсетеді. |  | Қима қағаздар, маркерлер<br><br>Қима қағаздар, маркерлер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қалдықтарын сорпа жасау үшін. Кішкентай порцияларды дайындап , қажет болғанда қайт піскен тамақты жылытыңыз. Энергияны үнемдеу. Энергияны үнемдейтін құрылғыларды таңдаңыз. Дәстүрлі лампаларды LED лампалармен ауыстырыңыз. Қолданбаған кезде құрылғыларды (компьютер, телевизор, ) өшіріңіз. Күндізгі уақытта табиғи жарықты тиімді пайдаланып жарықты өшіріңіз. Күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру біздің міндетіміз. Күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру біздің міндетіміз.<br>1. Күнделікті үйде өз есептеу құралы арқылы кей электр құралдары көп электр энергиясын жұмсайды.<br>2. Егер үйде ескі электр желілері болса, тез арада ауыстыру керек, бұл электр энергиясын үнемдеуге бірден-бір көмегін тигізеді.<br>3. Жарықтану деңгейін туралап отыратын құралдармен жабдықтау.<br>4. Ғимараттан шыққанда жарықты өшіру керек. | <br><br> | | |
| *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны)<br>112-төтенше жағдайлар департаментінің диспетчер нөмірі. Егер де сіз қандай да бір жағдайға тап болсаңыз | Алдымен қоңырау шалып мекен жайды айту керек.Жағдайды, не болғанын сипаттау керек.<br>Оқушылар қима қағазда жазылған жағдаятпен | Бағалау. «Дауыс беру» әдісі.<br> | Стикерлер, маркерлер |

Бекітемін
Бхр

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Тәрбие сағаты** | |
| **Күні** | 02.12.24 |
| **Сынып жетекші:** | Бисенбаева |
| **Сынып:** | 8 „Ә" |
| **Сабақтың тақырыбы:** | «Қамқор» жобасы<br>«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>№ 13-САБАҚ<br>8 -сыныптар: «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет» |
| **Сабақтың мақсаты:** | Табиғат құндылығының маңыздылығы, табиғат пен адамның қатынасының үйлесімділігі туралы түсіндіру. Табиғат байлықтарын бағалауға, сақтауға, табиғатты аялай білуге, қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу |
| **Қауіпсіздік мақсаты :** | Сабақтың мақсаты: интернеттегі жас шектеулерінің маңыздылығын және оның<br>балалардың қауіпсіздігіне әсерін түсіну. |
| **Қауіпсіздік міндеті** | Негізгі міндеттер:<br>1. Жас шектеулерінің не екенін және олардың не үшін бар екенін түсіндіру.<br>2. Балаларды интернеттегі жас шектеулерін тануға және сақтауға үйрету.<br>3.Жас шектеулерін бұзуға байланысты қауіптердің мысалдарын қарастыру. |
| **Дәйексөз** | Бірлігі күшті ел озады |
| **Құндылық** | **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік** |
| Сабақтың барысы | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (7 мин) | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Психологиялық ахуал<br><br>Ой қозғау<br>Шаттық шеңбері<br>Шөліркемей гүл тұрсын!<br>Жерім жайнап құлпырсын!<br>Нұрын сыйлап біздерге<br>Көкте мәңгі гүл тұрсын!<br><br>- Балалар, табиғат дегеніміз не?<br><br>Балалар өз ойларын айтады. | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуал**<br><br>Табиғат дегеніміз – аң, құс, өсімдік, тау, тас, өзен, көл, ауа, жер. Біздің тіршілік ортамыз. Олардың барлығы табиғаттың бізге берген сыйы.<br>Табиғаттың тарту еткен сыйын аялау, оған қамқорлық жасау әрбір адамның міндет | Компьютер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ...қ басы ...ин) | ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ<br>№ 3 САБАҚ.<br>«ЖЕЛІДЕГІЖАСШЕКТЕУЛЕРІЖӘНЕ ОЛАР НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?»<br>Сабақтың барысы<br>1. Кіріспе (2 минутқа дейін): талқылау, жас шектеулері және олар қайда қолданылады. Танымал сайттар мен қосымшалардағы жас шектеулерінің мысалдары (презентацияда). Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және интернет желісінің кең таралуы адамдарға қарым-қатынас пен даму үшін үлкен мүмкіндіктер береді.<br>Мектеп оқушыларына сынып сағатының ұсынылған тақырыбының өзектілігін көрсетуге бағытталған балалар сауалнамасы:<br>✓ интернетті күнделікті қолданатындар қолдарыңызды көтеріңіздер;<br>✓ әлеуметтік желілерде тіркелген балалар қолымызды көтереміз;<br>✓ интернетте өздері туралы ақпарат қалдырған адамдар қолымызды көтереміз, мысалы: аты-жөні, туған күні, телефон нөмірі, фотосуреттер және т.б.<br>2. Негізгі бөлім (6 минутқа дейін)<br>- Жас шектеулерін енгізу себептерін талқылау (қажетсіз мазмұннан қорғау, жеке қауіпсіздікті сақтау).<br>- Жас шектеулерін бұзудың жағымсыз салдарының мысалдары (кибербуллинг, орынсыз контентті қарау).<br>Педагог балаларға сауалнама жүргізеді: сіздердің біреулеріңіз интернетте осындай жағдайларға тап болдыңыздар ма және қалай әрекет еттіңіздер?<br>ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!<br>1. Ең алдымен, интернеттегі өзіңіз туралы ақпарат көлемін шектеу керек.<br>!!! Артық фотосуреттерді, бейнелерді, мекенжайларды, телефон нөмірлерін, туған күн, туыстар мен жақындар туралы мәліметтерді жойыңыз.<br>2. Интернетте танысқан және оларды нақты өмірде білмейтін адамдарға бейнелер мен фотосуреттер жібермеңіз.<br>3. Әртүрлі есептік жазбалар мен қызметтер үшін әртүрлі құпия сөздерді ғана қолданыңыз.<br>4. Құпия сөздерді жиі өзгертуге тырысыңыз.<br>5. Үйдегі компьютерлерде вирустар бар-жоғын жүйелі түрде тексеріңіз.<br>6. Маңызды деректердің сақтық көшірмесін | Оқушылар тыңдайды<br><br>Оқушылар пікір алмасады | Пайдалы сілтемелер: https://drive.google.com/file/d/1QhtZO8sQxyrDgM4Q6YhuhN9dHZ_5OPK1/view<br><br>https://youtu.be/9-2FDWjemLY?si=k3hCv2yT-jLKGDfR |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жасаңыз.<br>3. Қорытынды<br>Сабақты қорытындылау<br>Карточкалар<br>1. Жеке ақпаратты қалай дұрыс басқаруға болады?<br>2. Оны кімге және қандай көлемде беруге болады?<br>Жадынама. Жас шектеулерін сақтау және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық бойынша кеңестер. | | |
| асы (20<br>) | Табиғатты қорғаудың маңызы<br>➢ Тұрақты даму<br>Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану арқылы біз болашақ ұрпақ үшін қолайлы өмір сүру ортасын қамтамасыз ете аламыз.<br>➢ Экологиялық теңгерім<br>Табиғатты қорғау экожүйені сақтап, адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі<br>➢ ***Биоалуантүрлілік***<br>*Табиғатты сақтау ағашты, жануарларды және басқа да түрлерді сақтауға мүмкіндік береді.*<br><br>Жаһандық жылыну мәселелері<br>❖ Температура өсуі.<br>❖ Парниктік газдардың артуынан жер шарының орташа температурасы жоғарылайды.<br>❖ Мұздықтардың еруі.<br>❖ Мұздықтардың еруі теңіз деңгейінің көтерілуіне және жабайы табиғат үшін қауіпке алып келеді.<br>❖ Табиғи апаттар көбеюі<br>❖ Өрттер, су тасқындары, қуаңшылық сияқты қауіпті табиғи құбылыстар жиі орын алуда.<br>❖ Ластану артуы<br>❖ Өнеркәсіп, көлік және тұрмыстық қалдықтар атмосфераны, су және жерді ластайды.<br><br>Орман өрттері мен оларды алдын алу<br><br>Себептері<br>Орман өрттерінің басты себептері – табиғи (негізінен найзағай) және адам қызметімен | Табиғатты қорғаудың маңызы не ойлайсыңдар?<br><br>-Оқушылар тыңдайды | |

<table>
<tr><td></td><td>байланысты (шатқалдарда отын жағу, темекі тұқылын лақтыру, т.б.).<br><br>Алдын алу шаралары<br>Өрт шыққан жағдайда жедел әрекет ету, өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, орманды тазарту және ескерту белгілерін орнату. сияқты алдын алу шаралары қолданылады<br><br>Зардаптары<br>Орман өрттері ағаштарды, жануарлар мен өсімдіктерді жояды, қоршаған ортаны ластайды және климат өзгерісіне әкеледі.<br><br>Қалпына келтіру<br>Өрттен кейін ормандарды қалпына келтіру үшін отқа төзімді ағаштарды егу және табиғи өсуін қамтамасыз ету қажет.<br><br>Қалдықтарды азайту және қайта өңдеу<br>Қалдықтарды азайту үшін шамадан тыс сатып алуды болдырмай, қайта пайдалануға және қайта өңдеуге болатын өнімдерді таңдау қажет.<br>Қалдықтарды сұрыптау<br>Қалдықтарды түрлеріне (қағаз, пластик, шыны, металл) бөлу оларды одан әрі қайта өңдеуге мүмкіндік береді.<br><br>Қайта өңдеу<br>Қайта өңделген материалдардан жаңа өнімдер жасау қоршаған ортаны қорғауға және ресурстарды үнемдеуге ықпал етеді.<br>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Табиғатқа қамқорлық жасағауға өз үлестеріңді қосасңдар ма?</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Соңы</td><td>- «Бір тал кессең , он тал ек» - Жасыл ел акциясына ат салысамыз<br>- «Судың да сұрауы бар» -суды ысырапсыз пайдалануға жол бермейміз, ластамаймыз<br>- Орман , тоғайды бақтарды күл-қоқыстан тазалап , өрттен қорғаймыз<br>- Аң-құстарды рұқсатсыз атуға тиым саламыз, қамқорлық жасаймыз.<br>- Табиғатқа байланысты қандай ырым-тыйым сөздер білесіңдер?<br>Энергияны үнемдейсіңдер ме?<br>Қандай / Не / Не</td><td>Сұрақтарға жауап береді<br>Рефлексия жасайды.<br>Сабақтан кейін қандай әсер алғанын, не сезінгенін, не ұнағанын айтып, алған әсерімен бөліседі</td><td>презентация</td></tr>
</table>

| ой пайда болды? | сезіндім ? | ұнады? |
|---|---|---|
| | | |

Бекітемін:
Батырова

| | |
|---|---|
| **Тәрбие сағаты** | |
| **Күні** | 09.12.24 |
| **Сынып жетекші:** | Бисембаева |
| **Сынып: 8** д | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | «Буллингтен қорған!»<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>№ 14-САБАҚ<br>8- сыныптар: Менің қандай құқығым бар?» |
| **Сабақтың мақсаты:** | *Оқушыларға буллингтің түрінің ерекшеліктерін түсіндіру. Оқушыларды буллингке қарсы күресуге және қолдау көрсетуге үйрету.* |
| **Қауіпсіздік мақсаты :** | Оқушыларды еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке, үнемді болуға, еңбекке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарауға тәрбиелеу<br>Қауіпсіздік сабақтың мақсаты:оқушыларды олардың құқықтары мен міндеттерімен, сондай-ақ оларды қорғау тетіктерімен таныстыру. |
| **Қауіпсіздік міндеті** | Негізгі міндеттер: 1. Балалар мен жасөспірімдердің негізгі құқықтарын қарастыру. 2. Құқықтарды қорғаудың қандай тетіктері бар екенін түсіндіру. 3. Балаларды құқықтары бұзылған жағдайда көмек сұрауға үйрету. Материалдар мен ресурстар: - Бала құқықтарының мысалдарымен таныстыру. |
| **Дәйексөз** | **Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді** |
| **Құндылық** | **Бірлік және ынтымақ** |
| Сабақтың барысы | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (3 мин) | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылармен сәлемдесу.<br>Буллингтің анықтамасын талқылау.<br>Реляцион буллингтің (қорқыту) ерекшеліктерін айту. | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуа** | Компьютер |
| Сабақ басы (10 мин) | ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ<br>«МЕНІҢ ҚАНДАЙ ҚҰҚЫҒЫМ БАР?»<br>Сабақтың барысы 1. Кіріспе (2 минутқа дейін) Баланың қандай құқықтары бар? Қазақстан Республикасындағы | «ҚазақстанРеспубликасындағыБала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | балалардың құқықтары Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» заңы (бұдан әрі – заң мәтіні бойынша) кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындайды, сондай-ақ олардың құқықтары бұзылған жағдайда жүгіну тәртібін регламенттейді. Баланың өмір сүруге, қорғауға, денсаулығын қорғауға, тұрғын үйге, білім алуға, даралық және оны сақтау құқығына, мемлекеттік көмекке құқығы бар. «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы, №15, 16, 16-1, 17, 19, 20, 35, 36, 37, 38, 39-1 баптар.<br>➢ отбасында өмір сүру және тәрбиелеу;<br>➢ оның ата-анасы кім екенін білу;<br>➢ ата-аналардың тәрбиесіне, ал олар болмаған немесе ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда-қорғаншының, қамқоршының немесе балалар мекемесінің тәрбиесіне;<br>➢ жан-жақты даму;<br>➢ адамның қадір қасиетін құрметтеу;<br>➢ ата-анасымен, әжесімен, атасымен, ағаларымен, әпкелерімен және басқа туыстарымен қарым-қатынас жасау;<br>➢ өз пікірін білдіруге арналған өтініш;<br>➢ тегі, аты, әкесінің атын алуға арналған құжат. Балалардың құқықтарын қорғау ұйымдарының байланыстары бар үлестірме материалдар.<br>2. Негізгі бөлім (6 минутқа дейін) Зерттеу (шығармашылық зертханадағы жұмыс) Білім алушыларға қажетті ақпаратты зерделеу және іріктеу қажет. ҚР Конституциясының баптарын зерделеу кезінде әрбір топ өз бөлімін келесі кестеде толтырады: Азаматтық құқық Саяси құқық Әлеуметтікэкономикалық құқық Мәдени құқық - Балалардың құқықтары мен міндеттері туралы талқылау. - Негізгі құқықтардың мысалы (білім алу құқығы, медициналық көмек, қауіпсіздік және т.б.). - Құқықтар бұзылған жағдайда не істеу керектігін талқылау. - Балалардың құқықтарын қорғайтын ұйымдардың | жылы8 тамыздағы№ 345 Заңы 15-бап Баланың білім алу құқығы<br>16-бап Баланың еңбек бостандығына құқығы 16-1-бап Баланың экономикалық қанаудан қорғау құқығы<br>17-бап Баланың мемлекеттік көмекке құқығы 19-бап Баланың демалуға және демалуға құқығы<br>20-бап Баланың міндеттері<br>35-бап Бала және дін<br>36-бап Баланы әлеуметтік ортаның теріс әсерінен қорғау<br>37-бап Баланы алкоголь өнімдері мен темекі өнімдерінің зиянды әсерінен қорғау<br>38-бап Баланы психоактивті заттардан, күшті немесе улы заттардан қорғау<br>39-1-бап Балаларға, он сегіз жасқа дейінгі адамдарға тыйым салынған ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімнің таралуын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ойынсауық орындарында болу тәртібін мемлекеттік бақылау Сонымен қатар, баланың негізгі құқықтары бойынша құқықтар анықталған: | https://drive.google.com/file/d/1wmwTmpH3kzXagil-u_QHoy6a-GAs3lAh/view<br><br>https://youtu.be/nuFxGnJUWGc?si=VrnUmbx2İXXfcY2S |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мысалдары (Бала құқықтары жөніндегі комитет, ювеналды полиция, балалар омбудсмендері). 3. Қорытынды - Сабақты қорытындылау. - Өз құқықтарыңызды қорғау бойынша кеңестер және көмекке қайда жүгіну керек (жадынамада). | | |
| Ортасы (20 мин) | Булинг дегеніміз не?<br>1.Жүйелі қысым<br>Булинг - бұл белгілі бір адамға қарсы жүйелі түрде физикалық, вербалды, психологиялық немесе әлеуметтік қысқм көрсету.<br>2.Кемсіту мен Қорқыту<br>Булингтің мақсаты - адамды қорлау, сорлату және кемсіту арқылы қорқыту.<br>3.Билеушілік пен төмендету<br>Булингті жасаушы өзін басқалардан жоғары қойып, өзіне билік жүргізеді және құрбанын төмендетеді.<br>- Буллинг пайда болу себептерін атасаңдар<br>-Буллинг пайда болу себептері<br><br>Әлеуметтік себептер-отбасындағы қақтығыстар, достар тобының әсері, мектептегі ортаның қолайсыздығы.<br><br>Жеке себептер-өзіне сенімсіздік, өз-өзіне қанағаттанбау, агрессивтілік, кек алғыштық.<br><br>Институционалдық себептер-мектепте буллингті тоқтатуға бағытталған саясаттың жоқтығы, қадағалаудың Булингтен зардап шеккендердің оқу үлгерімі мен денсаулығына әсері<br>1-Академиялық үлгерім<br>Булингке ұшыраған студенттер мектептегі оқу үлгерімі мен сыныптағы қатысуы төмендейді.<br>2-Психологиялық ауыртпалықтар-булингтің салдарынан құрбандар стресс, қобалжу, депрессия сияқты психологиялық мәселелермен бетпе-бет келеді.<br>3-Денсаулық мәселелері-булингке ұшыраған студенттердің физикалық денсаулығы да нашарлайды, мысалы, ұйқы бұзылысы, тәбеті нашарлауы. | Оқушылар тыңдайды<br><br>Себептер мен салдарларды талқылау (15 минут)**<br>- Оқушыларды топтарға бөліп, буллингтің себептерін талқылау.<br>- Әр топ өз пікірлерін таныстырады.<br>- Буллингтің салдарын және оған қарсы күресудің маңыздылығын талқылау.<br><br>- Буллингтен қорғану үшін нақты әдістерді қарастыру:<br>- Ашық сөйлесу (ата-аналар, мұғалімдер).<br>- Достармен бірігіп әрекет ету.<br>- Көмек сұрау.<br>- Оқушыларға қысқа рөлдік ойын ұйымдастыру.<br>**Оқушылар лекцияны тыңдайды.** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ➢ Буллингті алдын алу және оған қарсы күресу жолдары<br>- Білім беру. Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер арасында буллингті түсіну мен алдын алу туралы білім тарату.<br>- Превенция. Мектепте буллингті болдырмайтын қағидаларды енгізу және қолдау көрсету.<br>- Араласу. Буллинг жағдайларына жедел түрде әрекет ету және тиімді шешімдер табу. | | |
| Соңы | Қорытынды: буллингпен күрестегі жеңіс<br><br>Жан-жақты күрес-булингпен тиімді күресу үшін оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігінің бірлескен күш-жігері қажет.<br>Бірлескен жауапкершілік-әрбір тарап өз міндеттерін орындап, мектепте қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыруы маңызды<br>Жеңіс Үміті-булингпен табанды күрес пен қажырлы жұмыс арқылы оны жеңуге болады. Тек бірлесіп ғана оған қарсы тұра аламыз.<br><br>Кері байланыс: әр оқушы буллинг туралы не білді, қандай сезімде болды, не өзгерту керек. | Рефлексия жасайды. Сабақтан кейін қандай әсер алғанын, не сезінгенін, не ұнағанын айтып, алған әсерімен бөліседі | презентация |

Бекітемін
Батар

| | |
|---|---|
| **Тәрбие сағаты** | |
| **Күні** | 16.12.24 |
| **Сынып жетекші:** | Бисембаева А |
| **Сынып:** | 8 "Д" |
| **Сабақтың тақырыбы:** | «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»/<br>«Қауіпсіздік және жол қозғалысын ұйымдастыру» ЖЖЕ №4<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>№ 15-САБАҚ<br>8- сыныптар: «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты беру қауіп» |
| **Сабақтың мақсаты:** | - Оқушыларды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен таныстыру;<br>- Тәуелсіздіктің мәнін түсіндіру, оның еліміздің болашағы үшін маңыздылығын көрсету;<br>- Патриоттық сезімді тәрбиелеу және ұлттық сана-сезімді арттыру. |
| **Қауіпсіздік мақсаты :** | интернет желісінде жеке ақпаратты беру және өз деректерін қорғау тәуекелдерін тану дағдыларын дамыту. |
| **Қауіпсіздік міндеті** | Негізгі міндеттер: 1. Жеке ақпараттың не екенін түсіндіріңіз. 2. Жеке ақпаратты беруге байланысты тәуекелдер жиынтығын қарастырыңыз. 3. Балаларды өз деректерін қорғауға және қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету. |
| **Дәйексөз** | 3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас |
| **Құндылық** | **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық** |

Сабақтың барысы

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (7 мин) | Әнұраным – жан ұраным,<br>Айтар әнім – сөйлер сөзім.<br>Туған жерім сағынарым,<br>Мәңгі бақи шырқалады,<br>Республика әнұраным.<br>(Әнұран орындалады)<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Психологиялық ахуал<br>Әртүрлі қима-қағаздар арқылы топқа бөлінеміз. 1-топқа «», ал екіншісін таңдағандарды 2-топқа «» тобына бөлемін.<br>Ой қозғау<br>- Қазақстан тәуелсіздігін қай жылы алды?<br>- Тәуелсіздік алу жолында қандай оқиғалар болды?<br>- Қазақстан тәуелсіздігінің маңыздылығы неде? | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуал**<br><br>Оқушылар<br>дың пікірі тыңдалады | Компьютер |

| | | |
|---|---|---|
| УІПСІЗДІК САБАҒЫ<br>«ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУДЫҢҚАУПІ»<br>Сабақтың барысы 1. Кіріспе (2 минутқа дейін) - Жеке ақпараттың не екенін талқылау (аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі, әлеуметтік желілердегі аккаунттардан, ата-аналардың және олардың банктік карталарынан және т.б.). 2. Негізгі бөлім (6 минутқа дейін) - Жеке ақпаратты беруге байланысты тәуекелдерді қарау (кибербуллинг, алаяқтық және т.б.). 1-мысал: Қайырлы күн! Менің атым Айдана, мен 14 жастамын. Жақында біреу менің «В Контакте» аккаунтымды бұзып, менің атымнан әдепсіз суреттерді жариялай бастады. Мен өз парақшама кіруді қалпына келтіріп, құпия сөзді өзгерттім, бірақ кеш болды. Айтыңызшы, мен қалай әрекет етемін? Достарымның сенімін қалай қайтаруға болады? 1-мысалға жауап: Бұл жағдайда біз оның беделіне нұқсан келтірмеу үшін оқушының аккаунтын бұзамыз. Бұл жағдайда келесі әрекеттерді ұсынуға болады:<br>- Басқа онлайн ресурстардағы тіркелгі құпия сөзді өзгерту. - Барлық жағымсыз хабарламаларды өз парақшаңыздан жойыңыз.<br>- Пост жазу арқылы оқырмандардан кешірім сұраңыз. - Жақын достарыңызбен жеке сөйлесуге тырысыңыз және оларға жағдайды түсіндіріңіз. Мұндай проблеманы болдырмау үшін келесі қадамдарды орындау керек:<br>➢ Күрделі құпия сөздерді және екі сатылы жүйені қолданыңыз.<br>➢ Аутентификация.<br>➢ Интернетке кіру жүзеге асырылатын барлық құрылғыларға антивирустық бағдарламаларды орнату.<br>➢ Басқа біреудің компьютерінен тіркелгіге кіру кезінде сақтық ережелерін сақтау туралы ереже.<br>➢ Жалған беттерге тап болған кезде мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>2-мысал: Сәлеметсіз бе! Менің атым Анар, мен 15 жастамын. Жақында мен бір жігітпен әлеуметтік желіде таныстым. Ол менің досымның танысы және маған қызықты болып көрінді. Біз сөйлесе бастадық, бізде көптеген ұқсастықтар бар екен. Біз бір-бірімізге өзіміз туралы, қайда оқитынымыз, саяхаттайтынымыз туралы айттық. Бірде ол кездесуді ұсынды. Мен аздап қорқып, одан бас тарттым. Ол менің қайда оқитынымды және қайда тұратынымды білетінін айтты, | Оқушылар тыңдайды | суреттер<br><br>Пайдалы сілтемелер: https://drive.google.com/file/d/1ou77LrAHJzojQmPW6LvJzm2jflG6F_S8/view.<br><br>https://drive.google.com/file/d/1z6xgMbwEic9wWH-_746SVO8BT0UEG3aj/view<br><br>https://youtu.be/aXHFFLadiSg?si=xatjhG-9vN3pN2MH |

| | | |
|---|---|---|
| мектептен үйге барар жолда күтемін деп уәде берді. Мен мұның рас екенін білмеймін немесе ол мені қорқытты. Мен шынымен қорқамын. Енді жалғыз, досымсыз, мен мектепке бармаймын. Айтыңызшы, мен не істесем екен? 2-мысалға жауап: Бұл жағдайда келесі әрекеттерді ұсынуға болады: ➢ Жазбалар тарихын мұқият оқып шығыңыз және бопсалаушыға қандай жеке ақпарат түсуі мүмкін екенін түсініңіз. ➢ Жалпы байланыстарды мұқият зерттеп, бопсалаушы туралы қандай ақпаратты білуі мүмкін екенін түсіну. ➢ Ересектерге (ата-аналарға, педагогтерге) хат алмасу тарихын айту немесе көрсету, олар мектеп оқушысын қорғау үшін, құқық қорғау органдарына жүгінуге дейін әрекет ете алады. ➢ Егер бопсалаушы қайтадан байланысқа шықса, оған барлық әрекет туралы хабарлаңыз және оны «қара тізімге» жіберіңіз. Мұндай жағдаяттарды болдырмау үшін келесі қадамдарды орындау керек: Бейтаныс адамдарды достар санатына қосу және олармен достарыңның достары болса да, олармен хат алмасуда сақ болу. Бейтаныс адамдарға жеке ақпаратты бермеңіз. Ол зиянсыз болып көрінсе де, оны жәбірленушіге қарсы оңай қолдануға болады. 3-мысал: Қайырлы күн! Менің есімім Арман, 9-сыныпта оқимын. Бірде информатика сабағында мен әлеуметтік желідегі аккаунтыма кіріп, шығуды ұмытып кеттім. Бір аптадан кейін сыныптастарымның бірімен менің атымнан кіріп, ол менің достарыммен жеке хат алмасқанымды скриншоттапжәне көпшілікке жариялап, жағымсыз пікірлер жазады. Ондай ештеңе жоқ, бірақ бәрібір жағымсыз. Барлығы маған күледі. Мен бұрын сыныпта бұлай «танымал» болған емеспін, енді бәріне күлкі болдым. Мен не істеуім керек? Мұны жоюға бола ма? Сыныптасты қалай жазалауға болады? 3-мысалға жауап: Бұл жағдайда біз электронды байланыс құралдары арқылы ұйымдастырылған кибербуллингімен айналысамыз. Бұл жағдайда оқушыға келесі әрекеттерді ұсынуға болады: Құпия сөзді есептік жазбадан өзгертіңіз және оны уақытша жабыңыз. Әлеуметтік желіні қолдау қызметіне көпшіліктің өзінен және жеке хат алмасудан скриншоттарды қоса отырып, оны жоюды сұрап хат жазыңыз, осылайша сыныптастың жеке деректерін теріс пайдаланғанын растаңыз. Егер жағдай | | |

| | | |
|---|---|---|
| қайталанса және жойылғаннан кейін жаңадан қайта құрылса, әлеуметтік желіні қолдау қызметіне ресурсты пайдалану ережелерін бұзған пайдаланушының есептік жазбасын жоюды сұрайтын хат жазыңыз. Ересектерге (ата-аналарға немесе педагогтерге) жағдай туралы айтып, олардан мектептегі жағдайға араласуды сұраңыз. Жеке деректерді қорғау бойынша кеңестер (жеке параметрлерді пайдалану, желіде мұқият сөйлесу).<br>3. Қорытынды - Сабақты қорытындылау. - Интернеттегі негізгі қауіпсіздік ережелерін қайталау | | |
| 1991 жылы біздің еліміз өз алдына егемендік алып, тұңғыш президентімізді сайлап, тәуелсіз егеменді ел болдық. Тарих беттерін парақтасақ, қазақ халқы өзінің «Тәуелсіз ел» атануы үшін ұзақ, талай қанды қырғынды, зорлық-зомбылықтарды көрді, қасірет шекті.<br><br>1986-шы жылы желтоқсан оқиғасы болды. Д. Қонаевтың зейнетке шығуына байланысты Республика компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетінен босатылды. Оның орнына Ресейден келген Г. В. Колбин сайланды. Көңілі толмаған халықтың жүрегінде наразылық ұшқыны лаулай түсті. Алаңға шығып өз ойларын айтуға тырысқан қазақтың өрімдей қарусыз жастарына мұздай құрсанған солдаттар мен милиция қызметкерлері қарсы қойылды. Қыз-жігіттерді аяусыз таяққа жықты, түрмеге қамады. Қайрат Рұскылбеков, Ербол Спатаев, Лаззат Асанова Сабира Мұхаметжанова сынды жаңа ғана бүршік атып келе жатқан талшыбықтай жастарымыздың өмірін көктей үзді. Арада бес жыл өткенде қыршын өлген жастарға Алаңында ескерткіш орнатты.<br><br>Оқушылармен пікірталас: «Тәуелсіздік – біз үшін не білдіреді?»<br>- Оқушыларға Қазақстан Республикасының нышандарын (елтаңба, ту, әнұран) көрсету.<br>- Әр оқушыға елдің нышандарына байланысты сұрақтар қойылады:<br>- Елтаңбада қандай символдар бар?<br>- Тудағы күн мен қыран қандай мағынаны білдіреді?<br>- Әнұранның авторлары кімдер?<br>Отан деген менің үйім, туған жерім.<br><br>Менің жүрегім Отан деп соғады. Ендеше, Топтастыру әдісін жүргізейік. | Оқушылар пікір алмасады<br><br>1-оқушы:<br>Желтоқсан басталуы – ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір елесі. 16 желтоқсан! Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жарқын, әрі қаралы, қасіретті күн еді.<br><br>Тәуелсіздік – баға жетпес бағымыз,<br>Қымбаттан да, ең қымбатты барымыз.<br>Тәуелсіздік – білектегі әліміз,<br>Тәуелсіздік – жүректегі әніміз.<br>Үлгі бізге аталардың ерлігі,<br>Ұлағат, өнегесі, еңбегі,<br>Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,<br>Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі.<br><br>2-оқушы.<br><br>Тәуелсіздік 11 әріптен құралған,<br>Сан ғасырлар қазаққа боп арман.<br>Талай дара, даналардың көз жасы,<br>Қанымен атты таң боп, бізге алдан.<br>Тәуелсіздік – | |




**Қауіпсіздік және жол қозғалысын ұйымдастыру –** заманауи транспорт жүйесінің маңызды аспектісі. Бұл саладағы негізгі мақсаттар мыналар:

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету: Жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыру.

Инфрақұрылымды дамыту: Жолдардың, көпірлердің, жаяу жүргіншілер өткелдерінің сапасын арттыру, сондай-ақ заманауи белгілер мен сигнализацияларды орнату.

Көліктердің қозғалысын тиімді ұйымдастыру: Трафикті басқару, көлік ағынын оптимизациялау, жолдарда көлік қозғалысын реттеу.

Білім беру және ақпараттандыру: Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, жол қозғалысы ережелерін насихаттау.

Технологияларды пайдалану: Заманауи GPS жүйелері, мобильді қосымшалар, автоматтандырылған бақылау жүйелері арқылы жол қозғалысын басқару.

Жол қозғалысын тиімді ұйымдастыру үшін мемлекет, жергілікті органдар, қоғамдық ұйымдар және азаматтар арасында ынтымақтастық қажет.

болашақтың бағдары,
Тәуелсіздік – асулардың асқары.
Тәуелсіздік – адамдықтың белгісі,
Тәуелсіздік – үлкен істің бастауы.

**3-оқушы:**
Жиырма жыл, жиырма жыл азаттық,
Өзімізді құрсаудан да босаттық.
Ақтадық біз ата-баба үмітін,
Қолда қазір көк ту менен бостандық.
Желтоқсанның қанды суық ызғары,
Қалың әскер қазағымды қорлады.
Тәуелсіздікті қолдаған жастардың
Отан үшін табандары тозбады.

4-оқушы:

Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан,
Шырқатып ән салған күн.

Енді Туған жер, Отан туралы мақал мәтелдер айту.

5-оқушы:
1. Отан – елдің анасы
Ел – ердің анасы.
2. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

6-оқушы:
1. Отанды сүю отбасынан басталады.
2. Туған жердің жуасы да тәтті.

7-оқушы:
1. Отан үшін күрес,
Ерге тиген үлес.

8-оқушы:
1. Отаның берік болса,
Жауың алмайды.
2. Отансыз адам – армансыз бұлбұл.

9-оқушы:

<table>
<tr><td></td><td>1. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.<br>2. Ел-жұртыңның кадір</td><td></td></tr>
<tr><td>Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын демекпін.<br><br>Қазақстан қандай ел?<br>Хормен:<br>Туымен – Тұғырлы,<br>Елтаңбасымен – Еңселі,<br>Әнұранымен – айбатты ел!<br><table><tr><td>Қандай ой пайда болды?</td><td>Не сезіндім ?</td><td>Не ұнады?</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Рефлексия жасайды. Сабақтан кейін қандай әсер алғанын, не сезінгенін, не ұнағанын айтып, алған әсерімен бөліседі</td><td>презентация</td></tr>
</table>

Бекітемін:
Батта

| | |
|---|---|
| **Тәрбие сағаты** | |
| **Күні** | 23.12.24 |
| **Сынып жетекші:** | Бисенбаева А |
| **Сынып: 8** д | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | ***«Жаңа жылдық тарту»***<br>***Қауіпсіздік сабағы (10 минут)***<br>***№ 16- САБАҚ***<br>***8 -сыныптар: «Кибербуллингтің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек»*** |
| **Сабақтың мақсаты:** | *1. Оқушыларға Жаңа жыл мерекесінің маңызын түсіндіру.*<br>*2. Оқушылардың топта жұмыс істеу, шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамыту.*<br>*3. Мейрамға байланысты салт-дәстүрлер мен халықтық құндылықтарды таныстыру арқылы патриоттық сезімдерін арттыру.* |
| **Қауіпсіздік мақсаты :** | Сабақтың мақсаты: кибербуллингінің не екенін, оның құрылымын және егер ол қатысушы болып шықса, қалай әрекет ету керектігін түсіну. |
| **Қауіпсіздік міндеті** | Негізгі міндеттер:<br>1. Кибербуллингінің не екенін түсіндіріп, оның түрлерін түсіну.<br>2. Кибербуллингіге қатысушылардың рольдерін қарастырыңыз (агрессор, жәбірленуші, бақылаушы).<br>3. Балаларды кибербуллинг жағдайында дұрыс әрекет етуге және өзін-өзі қорғауға үйрету. |
| **Дәйексөз** | Ынтымақ – бұзылмайтын қорған |
| **Құндылық** | **<u>Құндылық: бірлік және ынтымақ</u>** |
| Сабақтың барысы | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (3 мин) | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылармен сәлемдесу.<br>Жаңа жылдық көңіл күй қалыптастыру<br><br> | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуа** | Компьютер |